



АЛҒЫС АЙТУ- ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫҚ ҰЙЫТҚЫСЫ

Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің және «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Жақанұлы Қошанов 2025 жылды—Бастауыш партия ұйымдарының жылы деп белгілеп, партиямыз барлық игі істердің алғы шебінде жүруі тиіс деген талап қойды. Осы міндет шеңберінде «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы өңіріміздегі 242 бастауыш партия ұйымдарының кәсіби дайындығын шыңдауда, оларды партия айқындаған құндылықтар аясына біріктіруде оқу семинарларын өткізу үрдісін енгізуді қолға алды.

Осы мақсаттағы алғашқы семинар Сайрам ауданының Қарамұрт ауылында өтіп, оған Бәйдібек, Ордабасы, Сайрам, Төлеби, Түлкібас ауданындағы бастауыш ұйымдардың жетекшілері қатысқан болатын. Осы мазмұндағы іс-шара бүгін Түркістан қаласында жалғас



БАСТАУЫШ ҰЙЫМДАРДЫ БІРІКТІРГЕН СЕМИНАР ӨТТІ

сын тауып, оған Түркістан, Кентау, Арыс қалаларындағы, Созақ, Сауран, Отырар аудандарындағы 85 бастауыш партия ұйымдарының төрағалары қатысты. Семинарға қатысушылар үшін Түркістан қаласында партияның ықпал етуімен салынған нысандардың таныстырылымдары жүргізіліп, облыс орталығында қызмет ететін үлгілі бастауыш ұйымдардың жұмысы туралы ақпараттар берілді.

Семинар қатысушылары үшін Түркістан қаласын аралайтын автобус дайындалып, аймақтардан келген аманаттық өкілдер жаңарған Түркістанның келбетімен жақыннан танысты. Осы сапарда «AMANAT» партиясының бастауыш ұйымдарының жетекшілері партияның Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасында Түркістан қаласы бойынша партиялық бақылауда болған маңызды нысан—№32 мектептің тыныс-тіршілігімен танысып, аралап көрді. Мемлекет басшысының «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы шеңберінде салынған мектепте 4 спорт залы қарастырылған, жасанды интеллект сыныптары жағдықталған. Балалардың жеке шығармашылық қабілеттерін шыңдауда би залы, музыка сыныптары жасақталған. Акт залы, асхана бөлмелері де үздік технологиялық шешімдермен көзке телделген. Бұл жұмыстардың барлығы партия өкілдерінің жіті қадағалауында болып, атқарылған.

Тарихи және рухани-мәдени айрықша мәртебесі бар Түркістан қаласында ел игілігіне пайдалануға берілген жаңа нысандардың бірі—ботаникалық бағы бар «Жастар» саябағы. Түркі дүниесіне ортақ қаланың жаңарған келбетін айшықтайтын саябақтың ажарына «AMANAT» партиясының мүшелері арнайы келіп, бағасын берді. Барлығы 10,5 гектарды алып жатқан аймақта ұзындығы 2 шақырымды құрайтын жүгіру жолы мен веложолы қарастырылған. Бота-

никалық бақта Жерорта теңізі, Латын Америкасы, Еуропа, Оңтүстік Шығыс Азия және тағы басқа аймақтарға тән 70-тен астам өсімдіктердің түрлері күтімге алынған. Мұнда пальма, фикус, тропикалық, шөл, субтропиктік, цитрус өсімдіктері баптауға алынып, қала мектептерінің биология сабақтарын тәжірибе жүзінде өткізуге жағдай жасалған. Саябақта құстар мен балықтардың алуан түрі күтімге алынған.

Жұмыс сапары барысында бастауыш партия ұйымдарының жетекшілері «Үздік бастауыш партия ұйымы» байқауының облыстық кезеңінің жеңімпазы болған «Түркістан» бастауыш ұйымының жұмысымен танысып, жұмыс тәжірибесін зерделеді, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барып, бабалар рухына тағзым етті. Партияның Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасында айқындалған Бекзат Саттарханов атындағы спорт кешенін салу партияның ерекше бақылауына алынған нысан болатын. Пайдалануға берілген объектіде партияның естелік белгісі қойылып, оның ашылу салтанатына бастауыш партия ұйымдарының төрағалары қатысты.

Семинар жұмысы «Ұлы Дала елі» орталығында жалғасын тапты. Семинардың мән-маңызына тоқталған «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, Түркістан облыстық мәслихатындағы партиялық фракцияның жетекшісі Алтынсары Үмбетәлиев бастауыш партия ұйымдары партия мүшелерімен тікелей байланыста болғандықтан, әрбір партия мүшесіне партияның мақсатын, егеменді еліміздің саяси өміріндегі рөлін түсіндіру аса маңызды екенін айтты.

«Партия мен халық арасындағы байланысты одан әрі жетілдіру бағытында бастауыш партия ұйымдарының белсенділігін арттырып, жұмысын жаңа деңгейге көтеру міндеттеліп отыр. Партия сенімін ақтау біздің қолымызда.

Бастауыш партия ұйымдары—«AMANAT» партиясының негізгі күші»,—деп атап өтті Алтынсары Дүйсенбекұлы.

Семинар жұмысына Түркістан қаласы әкімінің орынбасары Мекенхан Қырықбаев, Түркістан қалалық мәслихатындағы «AMANAT» партиясының фракциялық мүшелері қатысып, іс-шара қатысушыларына ізгі тілектерін жеткізді. Жиында партияның облыстық филиалына қарасты бастауыш партия ұйымдарының қызметін талдау, олардың жұмысын бағалау, сын-ескертпелер мен ұсыныстары бойынша партияның өңірлік филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Полат Тұрсынбаев хабарлама жасады. Партияның облыстық филиалы саяси жұмыстар бөлімінің меңгерушісі Бекзат Биалалов, қоғамдық қабылдау бөлмесінің меңгерушісі Манат Жадақова, жауапты консультант Жанкелді Дүйсенбаев хабарламалар жасап, Сайлауалды бағдарламаны іске асыру жөніндегі Жол картасының орындалуы, азаматтардан партияға түсіп жатқан арыз-шағымдар бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Іс-тәжірибесі жөнінде хабарлама жасаған Түркістан қаласы «Бірлік» бастауыш ұйымының жетекшісі Гүлмира Алдабергенова мен «Түркістан» бастауыш ұйымының төрағасы Аманжол Мәди партияның төменгі буын ұйымдарының қызметін жаңа деңгейге шығару жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды.

Семинарда бастауыш ұйымдарымыз үшін әдістемелік нұсқамалар беріліп, аймақтарда партиялық жұмысты атқарудың басымдықтары, партиялық жобалардың бағыт-бағдары түсіндірілді, азаматтармен нақтылы жұмыс атқарудың өзекті мәселелері айтылды.

«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының баспасөз қызметі.

Бірлік пен татулықтың, ырыс пен ынтымақтың жаршысы!

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл және 1 наурыз—Алғыс айту күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Бұл мереке—біздің еліміздің ұлттар мен ұлыстар арасындағы бірлік пен татулықтың символы. Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі түрлі этнос өкілдерінің арасындағы достықты нығайтып, көпұлтты қоғамның бірлігін сақтауға үлкен үлес қосып келеді. Ассамблеяның үш онжылдығы—бейбітшілік, ынтымақ пен келісімнің жолын көрсеткен ерекше кезең болып табылады.

Сонымен қатар, 1 наурыз—Алғыс айту күні—еліміздің тарихындағы маңызды күн. Бұл күн қазақ халқына тарихи кезеңдерде қолдау көрсеткен барлық ұлттар мен ұлыстарға деген шексіз ризашылық пен құрметтің белгісі болып саналады. Алғыс айту күні—достық, адамгершілік, бірлік пен үйлесім күні.

Қадірлі жерлестер!

Біз, аудан тұрғындары, бір шаңырақ астында татулықта өмір сүріп, бір-бірімізге қолдау көрсету арқылы елдің әлеуетін арттырып, ортақ мақсаттарға жетуге бағытталымыз. Осы мерекеде әрқайсымыз өзіміздің болмысымызды, бірлігіміз бен татулығымызды ерекше бағалап, еліміздің болашағына сеніммен қарайымыз қажет.

Баршаңызға береке-бірлік, табыс және бақыт тілейміз! Қашан да бірлігіміз мықты, еліміз еңселі болсын!

**М.Тұрысбеков,
аудан әкімі.
О.ЖӘМИЕВ,
аудандық мәслихат төрағасы.**

Адамзаттың ең басты заңы, ең негізгі қағидасы—татулық. Татулық тұғырына айналған елдің көңілі тоқ, қадамы нық, сенімі зор. Данышпан Күлтегіннің «Тату елге—тыныштық пен тоқшылық нәсіп» деген сөзінің арада он төрт ғасыр өтсе де мәнін жоймай келе жатуының сыры осында.

Қазақстан бейбітшілік пен келісімнің туын тіккен мемлекеттің бірі. «Жақыныңды жау тұтпа» деп жат ойлы жандардың өзін жанына жақын тартып, досына айналдырған қазақтың мейіран, кеңпейіл мінезін өнеге тұтып айтпайтындар кемде-кем. Қазақ жерінде болып, халықтың табиғатымен жақын танысқан өзге елдің саяхатшы, тарихшы, ғалымдарының қай-қайсының зерттеуін,



М.ТЛЕУБЕРДИЕВ,
Түркістан облысының прокуроры

жатқан қазақ пен өзбектің, тәжік пен түріктің, қырғыз бен орыстың достығы бүгінде ешкімнің күмәнін тудырмайды. Бірақ, айнымас дос, ажырамас көрші ғана емес, қырық-бауыр асатып, құда болып үлгерген осы ұлттардың аяқ астынан бүлініп, ұлтараздық дауының өршітін кездері де ара-тұра болып тұратыны ешкімге жасырын емес. «Ауыр істің салмағы білекке түсер. Ащы сөздің салмағы жүрекке түсер» демекші, кейде ойсыз айтылған бір сөздің, орынсыз жасалған бір қадамның түсініспеушілік тудырып, аймақты алаңдайды бүлдіретіні рас. Бірге туған бауырлардың да кейде бет көріспестей көрісетін кезі болады. Ендеше, бір Отан біріктіргенмен, болмысы мен бітімі, дәстүрі мен

Алдағы уақытта халықта етене жақын етіп, туыс, бауырға айналдыратын шаралар ауқымын кеңейткен дұрыс.

Төртіншіден, кезінде бәріміз халықтар достығын суреттеген шығармаларды оқып, мейірім мен қамқорлықтың не екенін ұғынып өстік. Өкінішке қарай, қазір осы тақырыпқа көп мән берілмейді. Сондықтан, арнайы шығармашылық байқаулар ұйымдастырып, халықтар достығын, ұлттар арасындағы шынайы бауырластықты суреттейтін жаңа шығармалардың дүниеге келуіне мүмкіндік берген пайдалы. Және достыққа, татулыққа үндейтін шығармаларды кең насихаттап, кітаптардың таралып, оқылуына жағдай жасау керек. Бесіншіден, қазіргі бұқаралық ақ-

Елдегі береке-бірліктің басты формуласы-түсіністік пен татулық

пікірін оқысаңыз, қазаққа деген, қазақылыққа деген ризашылығын, таңданысын байқайсыз. Федор Достоевский, Григорий Потанин, Тарас Шевченколар жазбаларында қазақ ұлтының меймандос, ешкімге жамандық, қаскөйлік жасамайтын халық екенін, бейбітшілік сүйгіш ел екенін сүйсіне жазған. Қазақтың сол кең жүрегі, бекзат болмысы бүгін де өзгерген жоқ. Құшағына 130-дан аса ұлт пен ұлысты ұйыстырып, бейбітшілік пен татулықтың бесігіне айналдырған мемлекеттің сыралғы саясаты кім-кімге де үлгі.

Биыл Қазақстандағы ұлттар мен ұлыстарды ұйытып, бір мақсат, бір мүддеге біріктіріп отырған Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Осы отыз жыл ішінде елдегі бейбіт келісімді сақтаумен бірге, өзге ұлттардың дамуына, тілдерін, салт-дәстүрін сақтап, өз тамырынан ажырамауына барлық жағдай жасалды. Мәселен, Түркістан өңіріндегі халықтың саны 2025 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша 2 миллионнан асты. Тірлігі қайнаған аймағымызда 50 түрлі ұлт өкілдері тұрады. Олардың басым бөлігін өзбектер, тәжіктер, орыстар, әзірбайжандар мен түріктер құрайды. Қазақстанды отаным деген осы ұлттардың ұл-қызы бүгінде өз ана тілінде білім алып, өз дәстүрін кедрергісіз ұлықтап жүр. Қазақ мектептерінен бөлек, орыс, өзбек, тәжік мектептерін ашып, шәкірттердің терең білім алуына жағдай жасаған мемлекет өзге ұлттардың өзін еркін сезінуіне барлық жағдайды жасап-ақ жатыр. Осындай қамқорлық пен қолдауды көрген өрендер әлемдік додаларда көк туымызды желбіретіп, «Менің жаным қазақ, қаным қазақ!» деп жеңісін Қазақ еліне арнап, жүрежарды лебіздерін жеткізгенде мерейіміз тасып, көңіліміз марқаяды. Кешегі чемпион Головкиннің «Әкем—орыс, анам—кәріс, өзім—қазақпын!» деуі қалай жүрекке жылу сыйламайды?!

Әрине, мемлекет қамқорлықты қарымтасы болсын деп жасамайды. Азаматтардың жасына, ұлтына, діні мен тіліне, жынысына қарамастан теңдей жағдай жасау, құқығы мен мүддесін қорғау мемлекеттің етене міндеті. Сол міндетін мемлекет ұдайы сақтап, халықтың қамсыз тірлік етуіне тұрақты көңіл бөліп келеді.

Бірақ, бір Отанға топтасып, бір тудың астына біріккен 20 миллион халықты қалыпқа салғандай қып ұстау мүмкін емес. Бір мемлекеттің халқы тұрмақ, алақандай бір отбасының мүшелерінің де пікірі үйлеспейтін, ойы қабыспайтын кездері болады. «Бір анадан ала да, құла да туатыны» сияқты, бір елде өмір сүріп жатқан халықтың да білім деңгейі мен ойлау өресі әртүрлі. Оның ішінде тәртіпке бағынатыны да, теріс жолға үйірі де баршылық. Бірақ, бір адамның ұстанымы мен әрекетіне қарап бүкіл ұлттың болмысы мен бітіміне баға беру қате. Себебі «Жаман адам болғанымен, жаман ұлт болмайды». Мемлекеттегі татулық пен тыныштықтың ғұмыры ұзақ, тіреуі мықты болсын десек, біз осы азаматтар арасындағы сылалас-тыққа, тәрбие мен тағылымға, ауызбіршілік пен тұтастыққа мән беруіміз керек. Елдегі береке-бірліктің басты формуласы—түсіністік.

«Қазақстан—көп ұлттарды бір шаңырақтың астына жинаған, тату ел» дегенді жиі айтамыз. Алайда, «Тату ел» деп ауыз толтырып айтылатын сөздің арғы жағында қаншама тілек, қаншама еңбек жатыр. «Тату ел» болудың құрамында мемлекеттің мүддесі, қолдауы, насихаты, күш-қайраты жатқанын көпшілігіміз біле бермейміз. «Тату ел» деген жай ғана лозунг емес, ол — тірі организм, ол—бір-бірімен біте қайнасқан 20 миллионнан аса халық. Ал осы «Жүзі басқа болғанмен—жүрегі бір, тілі басқа болғанмен—тілегі бір» халықты айрандай ұйытып, асықтай иіріп отыру үшін салиқалы саясат, сарабдал жоспар, сыпайы қарым-қатынас керек. Ауылы аралас, қойы қоралас

тәрбиесі бөлек ұлт өкілінің теріс әрекетін жасырып, кем-кетікті тыныш шешеміз деу қисынға келмейді. Оның үстіне, қазіргідей әлеуметтік желілердің әлеуеті күшті кезде қылаудай дүниені қалтарыста ұстау мүмкін емес. Сондықтан кемшілікті жасырып, жапқаннан гөрі, мәселені жариялап шешіп, түйткілдің себебімен бірге, салдарын зерттеуге көбірек ден қойған дұрыс. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Осы ретте мынандай ұсыныстар айтқым келеді.

Біріншіден, бізде Ассамблеяның жүйелі жұмыс істеуіне толық жағдай жасалған. Достық үйлері салынып, қолданысқа берілген. Осы орталықтар тек тіл үйретіп, өзге ұлттардың салт-дәстүрін дәріптеп қоймай, тарихты да түгендеуге маңыз бергені абзал. Әсіресе, әр халықты Қазақстанмен байланыстыратын деректер ұрпақтан-ұрпаққа айтылуы керек. Сонымен бірге, Қазақстанды мекендеген өзге ұлттар қазақтың тарихы мен тілін, дәстүрін үйренсе құба-құп.

Екіншіден, бізде ақсақалдардың беделін көтеріп, қариялар институтын жандандырубағытында жұмыс жүргізу маңызды. Үлкендердің сөзі өтімді, пәрмені мықты болса, жастар бетімен кетпейді. Аймақ ішінде орын алған болмашы даулардың кейде шекарамыздан шығып, жалпыұлттың талқысына айналуына ақсақалдардың жағдайға дер кезінде араласып, үлкендік сөзін айтпауы себеп болып жатады.

Үшіншіден, ұлттарды сайыстыратын емес, табыстыратын жобалар, шаралар жиі ұйымдастырылғаны дұрыс. Наурыз мейрамын тойлау барысында қазір барлық ұлттардың дәстүрін ұлықтауға қадам жасалуда. Сонымен бірге, ассамблея мүшелері жыл сайын қаланы тазалауға, ағаш егу шарасына белсене қатысып жүр.

парат құралдары өміріміздің көлеңкелі, жағымсыз жағын жарнамалауға тым әуес. Журналистің жазғаны елдің арасын ірітетін емес, халықтың арасын біріктіретін тақырыптарға арналғаны жөн. Бізде қазақтың кең пейілін, дархандығын, жақсылығын айтқысы келетін өзге ұлттың ақсақалдары жетерлік. Тарихтың тірі куәсі болып отырған сол қарияларды сөйлетіп, тағылымды сөздерін жастардың санасына жеткізе алса, қазақ журналистикасының ұтқаны.

Алтыншыдан, бізде Алғыс айту күнінің атап өтілгенінотғыз жыл болыпты. 2016 жылы 1 наурыз — Алғыс айту күні болып бекітіліп, барлық ұлттың бір-біріне және осы адамдарды қабылдаған, аяушылық білдірген қазақтарға алғыс айту күні деп белгіленген еді. Бірақ соңғы жылдары бұл мерекенің форматы да, мазмұны да өзгеріп, азаматтардың бір-біріне алғыс айту дәстүріне айналды. Шындығында, дәл осы мереке ұлттар арасындағы достыққа алтын көпір болуға, тарихты түгендеуге қызмет етуі керек еді. Әр мерекенің өзіндік орны, негізгі мақсат-мүддесі бар. Сондықтан, біз де Алғыс айту күнінің миссиясын өз мәнінде қолдануға тиіспіз.Заманның қиын-қыстау шағында туы жығылып, тауы шағылған басқа халықтар үшін жылы мекен, ыстық ұя болған қазақтардың қамқор пейілі мен оларға әрдайым алғыс білдірген өзге ұлт өкілдері адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналғаны абзал.

Қазақтың Герағасына айналған Герольд Бельгер: «Мен қаншалықты неміс болсам, соншалықты қазақпын!» дейтін. Қазақты сүйгендіктен елдің мәселесіне шекеден қарамады, қазақтың жетістігіне қуанды, қасіретіне мұңайды. Қазақстанды мықты еткен осындай азаматтар! Ендеше, тел өскен ұлдарымыз дәл Герағандай елдің ертеңіне қызмет ете бергей!

МАГИСТРАЛЬДЫ ГАЗ ҚҰБЫРЫНЫҢ ЖҰМЫС БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Бәйдібек ауданында жұмыс сапарымен болды. №18 «Шалдар» автоматтандырылған газ тарату стансасынан Жамбыл облысындағы «Евро-Хим-Қаратау» ЖШС химиялық кешеніне дейінгі жоғары қысымды газ құбыры құрылысының жұмыс барысымен танысты. Газ құбыры жобасының негізгі бөлігі Таңатар ауылы тұсынан өтуде. Қазіргі уақытта жұмыс барысы ауа райының қолайсыздығына қарамастан қарқынды жүруде. Шаян өзенінің астынан 300 метр аумаққа диаметрі 325-тік труба жүргізілуде.

Аудан басшысы мердігер мекеме өкілдерімен тілдесіп, Жаңатас қаласы бұрылысына дейінгі жоғары

қысымды газ құбыры құрылысының аяқталуы Созақ ауданы үшін аса маңызды екендігін айтты.

Айта кетейік, Жаңатас қаласы бұрылысынан Шолаққорған ауылына дейінгі 43,8 шақырымдық магистральды газ құбырының құрылыс жұмыстары толық аяқталған. Газ құбыры траншеяға 100% тасталып, АГТС қондырғыларының орындары қоршалған. Сонымен қатар, найзағайдан қорғау үшін 5 дана прожектор бағанасы және КТП-10/04кВ дизельдік электростанциясы орнатылып, қажетті электр желілері мен ВОЛС кабельдері тартылды.

Автоматтандырылған газ тарату стансасына (АГТС) арналған 11 қондырғы да нысанға жеткізілген. Бұл

қондырғылардың ішінде блок операторлары, газ конденсатын жинау жүйесі, газды қыздыру қондырғылары, автоматтандырылған газ иістендіру құрылғылары мен газ өлшеу және реттеу жүйелері бар. Қазіргі таңда осы қондырғылардың монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**



Қазақстан халқы Ассамблеясына-30 жыл!

Ұлтаралық қатынас-ұлт бірлігінің көрінісі

Қазақстан-ұлт пен ұлысты тоғыстырған ынтымақ елі. Бір шаңырақ астында бірлігіміз жарасып, тату-тәтті ғұмыр кешеміз. Бауырына қоныс тепкен елдерді жат тәтпай, құшақ жая қарсы аламыз. Ынтымағымыз артып, «ауылы аралас, қойы қоралас» болып, ауызбіршілікте, бір шаңырақ астында өмір сүреміз.

Созақ өңірінде өзге ұлт өкілдері де бір бұлақтан су ішіп, төсекте басы, төскейде малы қосылып, бір атаның балаларындай біте қайнасып күн кешуде. Теріскей төсінде қоныс тепкен Қозмолдақ ауылында өзбек ұлтының жандары қазақтың

салт-дәстүрін бойына сіңіріп, қазақ тілінде тебірене тіл қатысады. Мәдениетімізге бой сұңгіп, ұрпағымыздың ұйытқысындай ұл-қыздарына өнеге етіп көрсетуі, қазаққа сіңіп, қадіріне жете білуінде екені анық. Созақ ауданының географиялық аумағына орай өзбек ұлтының өкілдері өмір сүріп жатқаны жасырын емес. Қыз беріп, келін алып, құда-жекжат атанып, тамыр жайып, туыс атанып жүрміз. Бауырлас халықтар түбі бір түркі жәртының ұрпағы екенімізді ескеріп, өзектен теппедік. «Айтысқан ауыл болмас, болыспаған бауыр болмас» демекші,

бауырымыздай құрмет көрсете білдік.

Бауырмалдық-қазақтың қанына сіңген қасиет. Біреуге қол ұшын беріп, жаны ашып, жәрдем беруге асығады. Сол себепті, қазақтың ақкөңіл, қонақжайлығы көпке үлгі. Қазақстаным-алтын ғұм. Ұлтым үшін аянбай еңбек ету-әр азаматтың борышы. Елім үшін барымды салып еңбектенемін! Ұлттың болашағы-біздей ұрпақтарға аманат!

**Ақмарал ҚАЙРУЛЛАЕВА,
Гани Мұратбаев атындағы
жалпы білім беретін мек-
тептің мұғалімі.**

Ауылымыз ынтымақ пен ырыстың ұясы

Мен жалпы Шолақ-қорған ауылында дүниеге келіп, сол ауылда мектепті бітірдім. Отбасымызда әкем, бауырларым, екі інім, үш сіңлім бар. Мен Нәзір Төреқұлов атындағы орта мектепті бітіріп, Шымкент қаласындағы медицина институтында жалпы тәжірибелі дәрігер фельдшер мамандығы бойынша оқып, білім алып, диплом алып шықтым. 2010 жылы Шолаққорған ауылына «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша аудандық емхананың балалар бөліміне жұмысқа тұрдым. 2010-2014 жылдар арасында учаскелік балалар дәрігері болып ауыстым. Сол қызметте жүріп болашақ қайынсіңлім арқылы болашақ жарыммен таныстым. 2014 жылы қаңтар айында отбасын құрып үйлендік. Жұбайым Телібаев Сер-



жан Әмірбекхлы он ағайынды отбасының баласы. Біз ата-енемізбен қара шаңырақта тұрамыз. Атамыз жақында өмірден өтті. Қазір апам, жұбайым және Мейірган, Сейілжан, Сейілхан атты үш баламызбен тұрамыз. Екі баламыз мектеп оқушысы, кенже баламыз қолымызда. 2014-2015 жылдары Құмкент ауылдық емха-

насында процедурный ембике болып, Қызыл көл елді мекеніндегі медпунктте медсестра болып жұмыс жасадым. 2019 жылы Құмкент ауылында ауылдық балалар мен жасөспірімдер спорт кешені ашылып, сонда медбике болып жұмысқа орналастым. Жалпы біздің ауыл ынтымақшыл, ауызбіршілігі мол ауыл. Мен осындай ырысы ын-

тымақ шақырған ауылға келін болып түскеніме қуанамын. Жетпейтін дүние жетпейді. Жететін болса бәрі де жетеді деген ән бар ғой. Ең бастысы отбасымыз, апамыз, жарым, балаларым, ағайын-туыстарымыздың амандығы. Қалғаны бола жатады. Келін болып келгеніме бірнеше жылдар болды. Ауылдың барлығы мені сыйлайды. Құрметтейді. Мен өз ауылымда жүргендей жүремін.

Әрине, келін болған соң ибалықты сақтау, әдепті болу, үлкендердің алдынан кесіп өтпеу сияқты дәстүрімізді жақсы білемін. Мына келген көктем мерекесі, Алғыс айту мерекесі құтты болсын!

**Рано ХАЛИЛОВА,
Азербайжан
ұлтының өкілі,
Құмкент ауылы.**

Бауырына басқан баршаға алғыс

Армысыздар киелі де қасиетті қазақ хандығының астанасы болған Созақ жұрты! Менің есімім Зулейха. Құмкент ауылының тұрғынымын. 1978 жылы Ресей мемлекеті, Пермь қаласы, Бардынский ауданы, Бичуринна деревнясында дүниеге келдім. Ұлтым башқұрт. 1985 жылы екінші класқа көшетін жылы отбасымызбен Комсомолск қаласына көшіп келдік. Сол қалада сегізінші класқа дейін оқыдым. Сегізінші кластан кейін болашақ жарымды кездестірдім. Ол былай болды 1993 жылы Ресей елінде әскери борышын өтеп жүрген созақтық азамат Жеткерген Турманбаевпен сөйілде жүрген кезінде танысып қалдым. Содан бір бірімізді ұнатып қалдық. Жиірек кездесіп жүріп, сол жылы Қазақстан Республикасы Созақ ауданы, Құмкент ауылына келін болып келдім. Алғашқы да маған ауыр болды. Басқа орта, басқа салт-дәстүр, туған үйіңнен жырақта жүру қиын тиді. Қаланың қызы үшін сиыр сауу, от жағу, ата-енесінің бабын табу, үйдің азаннан кешке дейін таусылмайтын майда тірлігі мені шыңлай түсті. Содан өмірге ұл-қыздарымыз келе бастады. Жұбайым Жеткерген ауыр жүк



көлігімен құм, тұз, жұрттың түрлі отын-суын, заттарын, шөбін тасып ақша табады. Мен болсам балалардың күтімімен үйде отырдым. Атамыз менің жолдасымның кішкентай кезінде қайтыс болып кеткен екен. Енеміз мен келін болып түскенде алпыс жаста болатын. Сол алпыс жасқа дейін атамыздан қалған балаларды жалғыз өзі жұмыс істеп, бағып, қағып, өсіріп,

тәрбиелеп азамат етіп ел қатарына қосқан. Жұбайымның бір әпкесі, екі ағасы және жеңгелері болды. Анамыз төрт баласында қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіреді. Қазіргі таңда Айдос, Жандос, Айдана, Елдос, Адина, Жансұлтан атты алты ұл-қызымыз бар. Үлкен ұлымыздан Батырхан есімді бір немереміз бар. Үлкен қызым Алматы қаласының азаматына тұрмысқа шыққан. Олардан да бір жиеніміз бар. Ортаншы ұлымыз Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп әскерден аман сау келді. Адина есімді қызым оныншы сыныпта, Жансұлтан атты кенжеміз алтыншы сыныпта білім алуда. Жатсынбай, өзге ұлт өкілі деп өзекке теппей, бауыр тартып, бауырына басқан баршаға алғыс! Ешкім мені башқұрт қызы деп айтпайды. Әбден қазаққа сіңіп кеттім. Салт-дәстүрін, әдеп ғұрпын біліп алғанмын. Барлық жөн-жоралғы, әдеп-ғұрып отбасында қазақы жолмен жүреді. Апама, жұбайыма, ағайын-туыс, көршілерім мен ауылдастарыма тек амандық, жақсылықтар тілеймін!

**Зулейха ИЛЬКАЕВА,
Башқұрт ұлтының қызы.**

1 Наурыз-Алғыс айту күні

Ақ алғыс
арманыңа
жеткізеді

Мынау заманда:

«Өркенің өссін, балам!-деген анаңның ақ алғысынан артық алғыс болмас. Анадан алған ақ жарма алғыс мұхитты жарған мұзжарғыш кемедей сенің өміріңнің сан тарау жолдарында жаныңа жалау, көңіліңе медет болары анық.

Сонау бала кезімізде сөмкесі ауыр апа көрсек көмек беруге ұмтылатынбыз. Автобуста түрегеп тұрған жасы үлкен кісі көрсек, орын ұсынып, автобустан түсерінде қолынан демеп тұруға ықыласты болдық. Сонда әлгі кісілер алғыстың түр-түрін төге салатын.

«Жасың ұзақ болсын!» «Ғұмырлы бол!» «Бақытты бол!» «Жаманшылық көрме!» «Ниеңе жет!» деп ыстық ілтипатын білдірсе одан сайын қол ұшын соза түскің келетін. Кейін алыс сапарлар оқу да, әскери қызметте жүрген жылдары түрлі қиыншылықтар мен ауыртпалықтарда сол үлкендерден алған ақ бата-ақ алғыстар қақпайлап қорғап жүретінін іштей сезінетінмін. Осы алғысқа жету үшін үйде ата-анамыз, мектепте ұстаздарымыз «Үлкеннің алдынан кесіп өтпе, өткізіпжібер», «Жасы үлкен кісіге, қарт кісіге көмек беруге тырыс», «Үлкеннің сөзін бөлме!» «Ауыр затты көтерген қарт адам көрсен міндетті түрде қол ұшын сөз», «Өтірік айтпа!», «Қарғыс алма, ағыс ал!» деген сөзді санамызға сан мәрте құйып, өсірді, ержеткізді.

Көбіне көшеде келе жатып, жастардың үлкен кісілерге талай қол ұшын созып көмектесіп жүргеніне куә болғаным бар. «Жастар анандай, жастар мұндай» деп беталды кінәлай беретін үлкендер көп. Алайда әлгі жастардың үлкенге деген құрметімен, ізетіне риза болдым. Көмегін алған үлкен кісілер сонда өзіне көмектескен жастарға жол бойында тұра қалып алақанын жайып ақ батасын беріп жатады. Қазір жеңіл автокөліктердің ролінде көбінесе жастар отырады. Ауылдар мен елді мекендердің арасында бұрынғыдай автобус қатынамайды. Сондықтан ағайынның асына, туысқанның тойына, құда-жекжатының жиынына баруды ниет еткен апа-көкелер жол бойындағы аялдамаларда көлік күтіп сарғайып тұрады. Бір-екі рет сондай жағдайларда жастардың көлігін кілт тоқтатып, жүктерін жүгіріп жүріп салып, ақшасыз тегін жолақы алмай әлгі апа-көкелерді тиісті діттеген жеріне апарып салғанына талай рет куә болғаным бар. Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын демекші жастардың ісіне ризашылығым мол.

Алғыс айту күні деген әрине бір күнмен шектелмеуі керек. Оның үстіне бүкіл ұлттар мен ұлыстардың ішінде ең көп бата беретіндер де, алғыс алатындар да осы өзіміздің ұлт болса керек.

Атқан таңның нұрындай,

Ақының ақ жырындай.

Анаң берген ақ алғыс,

Адалдықтың сырындай.

Атадан ал ақ бата,

Бір Алланың құлындай.

Өнегелі іс жаса,

Өсер елдің ұлындай.

Алғыс алсаң атадан.

Әрқашанда жүрерсің

Қиындыққа ұрынбай.

Алыс сапар аттан ба,

Алғыс сырын ұғынбай.

Алғыс деген ақ пейіл.

Ақ ісіңнің қайыры.

Алғыс деген жақсылық.

Жақсы ісіңнің пайымы.

Әр күн сайын бір алғыс.

Алып тұрса әр адам.

Игі дәстүр осылай.

Әр адамнан тараған.

Досқа қайыр, елге үлгі.

Дәстүрім бар жалғасар.

Ұлтқа ұран ұлы сөз.

«Қарғыс алма, алғыс ал!».

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Созақ-Қазақ хандығының тұңғыш астанасы, қазақ тарихындағы тұңғыш ұлт азаттық қозғалыстардың бірі де осы бір қасиетті де қастерлі топырақта орын алды. Қазыналы қарт қаратауы менен құмды жалдарының қойнауы пайдалы қазбаларға толы болғаны сияқты, тарихы да руханияты да құндылықтарға толы. Бейресми атауы- Теріскей ретінде танылған осы бір киелі топырақтың суы теріс аққанымен қоймай, ауа райы да алуан мінезді. Оңтүстік өңірдің бір паршасы болған соң ыстық аймақ дейін десең, теріскейге тән томаға тұйық суықтығы да бар. Дегенмен, табиғатының терістігіне орай- Теріскей атанған бұл өлкенің халқының мінезі дархан, пейілі кең, сақылығы сарыарқа дала-сындай сайын. Хандардың ордасы, әулиелердің кені, батырлар менен бектердің бесігі, ақын- жазушылар менен әнші-күйшілердің мектебі бұл өңірдің тылсымға толы тарихын тоталитарлық жүйе 70 жыл бойы тұмшалап, «Аллаһу көтерілісін» жүзімізге ұрып, жоқ жерден құстаналап келді. Тәуелсіздігіміздің тұғырға қонғанына 30 жылдан астам уақыт өтсе де, кеңестік жүйе жан-тәнімізге салған жарамыз жазылу білмеді. Себебі, Созақ- Қазақ хандары Керей мен Жәнібек ту тіккен, үй тіккен киелі топырақ, қазақ халқының арысы ақ патша, берісі кеңестік биліктің бұғауынан, боданынан босану ниетімен жүзеге асқан «Созақ (Аллаһу) ұлт азаттық көтерілісі» орын алған тарихи өңір ретінде әлі күнге ресми бағасын ала алмауда. Тек, былтырдан бері ғана ауданымыздың әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының бастамасымен арнайы комиссиялар құрылып, ғылыми зерттеулер басталып, тәртүрлі дүниеден тұлғаларды тартып, конференциялар өткізу жоспарлануда.

Әрине, бұған дейін де бұл бағытта шағын ғылыми зерттеулер жасап, кітаптар жазған жерлестеріміз, көзі ашық, көкірегі ояу тарихшыларымыз, ақын- жазушыларымыз болды. Алайда, бұл жолғы тарихи түгендеудің жөні басқа. Әлбетте, бұл бағыттағы жаңалықтардан аудандық «Созақ үні» газеті менен әлеуметтік желілерден әлеуметіміз хабардар болып отыр. Міне, осы тұрғыда Созақтың сырын сырлап, туған топырағының тарихын түгендеп жүрген ауданымыздан шығып, тәртүрлі дүниені кезіп, өңіріміздің, халқымыздың ғана емес, түркіліктің де түгендеушісі, шығыстың шырақшысы болып жүрген Жомарт Жеңісұлымен сұхбаттасудың сәті түсіп, әдемі әңгіме болған еді.

Ендеше, тарих ғылымдарының кандидаты, бүгінде Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас директорының халықаралық байланыстар бойынша орынбасары Жомарт Жеңіске кезек берейін:

-Жомарт Жеңісұлы сіздің Созақтың ғана емес, қазақтың, түркілердің тарихын түгендеп, жиһанды кезіп, ғылыми-зерттеулер жасап жүргеніңізді жерлестеріңіздің бірі білсе де, бәрі білмейді. Сол себепті де әуелі өзіңіз жайлы, өміріңіз бен еңбек жолыңыз, шығармашылығыңыз жайлы қысқа да нұсқа сөз етсек!

-Мен, Жеңіс Жомарт Жеңісұлы 1972 жылы Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қарақұр ауылында дүниеге келгенмін. 1990 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға қабылданып, оны 1995 жылы «шығыстанушы-тарихшы», «парсы тілінің аудармашысы» мамандықтарымен бітірдім. Ғылыми-педагогикалық қызметімді ҚР ҰҒА шығыстану институтында ғылыми қызметкер, «Алаш» университетінде аға ғылыми қызметкер болып бастадым. 1993-1994 жылдары, 1999-2001 жылдары Тегеран университетінде оқыдым. Бірнеше мәрте ғылыми іс-сапармен ұзақ мерзімге Иран Ислам Республикасындағы Тегеран, Шахид Бехешти университеттерінде болып, ұлтымыздың тарихына қатысты деректер жинап, Астана қаласындағы «Отырар кітапханасына» сирек қолжазбаларды тапсырдым. Кейіннен, Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде аға, жетекші ғылыми қызметкер болып қызмет



Туған топырағының тарихын түгендеген

атқардым. 2011-2014 жылдар аралығында «Түркі академиясы» АҚ ғылыми жобаларымен жұмыс істедім. 2015 жылдан 2025 жылға дейін Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтында жетекші ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқардым. «Ортағасырлық Тұран мен ирандықтар» атты монографияның, «Түркі халықтарының тарихы», «Түркі тұлғалары», «Мәңгілік ел идеясы», «Жетінші Ел», «Әмудария қазақтары» атты еңбектердің және жүзге жуық ғылыми мақалалардың авторымын.

2005 жылы республикалық «Ақ жол» партиясының ең үздік ғылыми мақалаларға жариялаған жүлдесін, 2017 жылы Қазақстан Жоғарғы оқу орындары Қауымдастығының үздік тарихи зерттеу авторы атағын жеңіп алдым. 2018-2020 жылдары Иран Ислам Республикасындағы Қазақстан Елшісінің экономикалық мәселелер бойынша штаттан тыс кеңесшісі қызметін атқардым. Ұзақ жылдар әскери қауіпсіздік саласында әскери аудармашы қызметін жасап, 2015 жылы запасқа шықтым. 2024 жылдан бастап Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты Бас директорының халықаралық байланыстар бойынша орынбасары боп қызмет етудемін.

-Жоғарыда айтқанымдай, былтырдан бері сөз етіліп, биылдан қолға алына бастаған «Созақ-Қазақ хандығының тұңғыш астанасы» тақырыбына қатысты айтарыңыз, жазып жүрген ғылыми жұмыстарыңыз бар ма, болса, жерлестеріңізбен бөлісе отырсаңыз!

- Иә, менің де жоғарыдағы шығармашылығым жайлы айтып бастағанымдай, туған жеріміздің де тарихын түгендеп жүрген жерім де бар. Жалпы, адам баласы ер жетіп, бой жетіп туған елінен алыстаған сайын, өзінің өлкесінің қадірін біле береді. Оған туған жерінің әр тасы, суы мен өзені, ағаштары мен адамдары ыстық көрінеді. Туған өлке адамның ата-анасы сияқты. Қасиетті Созақ жері де талай даңқты ұлдары мен қыздарын дүниенің төрт бұрышына жіберіп, уақыт өте келе сәлем бере келген балаларын ыстық бауырына қысқан қарт атаға ұқсайды. Міне, сондықтан

да елден шалғайда жүрсек те туып өскен жерімізде болып жатқан жаңалықтарға құлағымызды түріп, оң өзгерістерге қуанып жатамыз, сағынамыз. Қазіргі таңда еліміз үшін мақтанышқа айналған халықтар достығы, ұлт бірлігі, мемлекеттік тіл мәселелері де атам заманнан бері Созақ үшін шешімін тапқан, қалыпты жағдайға айналған. Қылышынан қан тамып тұрған кеңестік кезеңнің өзінде-ақ созақтықтар орыс, қазақ, өзбек, қарақалпақ болып бөлінбей, бір-бірімен қазақша сөйлеп, құда-жеңжат, туыс-бауыр болып кеткен. Бұрын ауданымыз негізінен ауыл шаруашылығы бағытымен көбірек айналысып, осы салаға басымдылық берілетін. Еліміз тәуелсіздік алғалы экономикалық бағыт өзгеше сипатқа ие болып, ауданымыз индустриалды аймаққа айналып отыр. Бұл әрине, болашақ жастар үшін өте тиімді мүмкіншіліктер береді. Қазіргі кезде жастар арасында техникалық мамандықты игерген мамандар көбейді. Мамандар болғанда да шет елдерде тәжірибеден өт-

халықтың саз бетіндегі суды «Зәк суы» - деп атауына байланысты осыдан «суызәк» деген сөз пайда болып, ол «Созақ» атауына айналған болуы мүмкін деген топшылау.

Д.Қыдырәлі Созақ шаһары алғаш рет жазба деректерде Хузақ деген атпен белгілі бола бастайды деп пікір білдірсе, «Ақиқат» журналында жарық көрген «Созақтың сыры да, жыры да, жолы да ұзақ» атты сапарнама мақалада автор грек тарихшысы Страбонн еңбектерінде «Су сақтары» деген сөзді айта келіп, «осыдан Сусак шыққан» деп тұжырымдап, Сусакты қазақы тілге ыңғайластырып, Созақпен байланыстырады.

Осы орайда шығыстанушы-тарихшы ретінде Созақ атауына қатысты өз пікірімді де білдіре кетсем. Біздіңше, «Созақ» атауының тарихы сонау сақтардан бастау алады және ол «Соғдақ» атауымен байланысты. В.В. Радлов, В.Томсен, А.фон Хабен, Х.Оркун және С.Е. Малов сияқты ғалымдар көне түркі жазбаларында кездесетін «altu sub soydaq» жазуындағы «Соғдақты» Соғды атауымен байланыстырады. Осы уақытқа дейін soydaq атауы бір елдің атауы емес, соғдылардың өзіндік атауы екені белгілі болды.

Бәрімізге белгілі, көшпелі салт ұстанған сақ-скифтердің бір бөлігі түркі тілдес болса, келесі бір бөлігі иран тілдес тайпалар болды. Осы иран тілдес тайпалардың бір бөлігі соғдылар Орта Азия аймағына тұрақтап, осы аймақтың ғана емес, Еуразия даласының саяси-экономикалық тарихында маңызды орынға ие болған Соғд аймағын қалыптастырды.

Әйгілі лингвист Семереняның айтуынша, «соғды» атауы, скифтердің «садакшы» сөзінен шыққан болуы мүмкін. Тарихта біз соғдыларды отырықшы қала тұрғындарымен көбірек байланыстырамыз және соғдылардың дәстүрлі аймағы ретінде Оңтүстік Тәжікстан, Оңтүстік Өзбекстан, Түркіменстан, Маргиана, Мерв сияқты аймақтармен байланыстырамыз. Дегенмен, соғдылардың түп тегі сақтардан бастау алатын андронов мәдениетінің тайпаларымен байланысты және олар қазіргі Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Солтүстік Ауғанстанға солтүстіктен, Қазақстан аймақтарынан келген. Соғдылар бір кездері далада орын алған әртүрлі жағдайларға байланысты даладан кетуге мәжбүр болып, шамамен, б.з.б. екінші мыңжылдықта олардың біршама бөлігі оңтүстікке, солтүстікке, батысқа қоныс аударды.

Түркі қағандары Ұлы Жібек жолындағы халықаралық сауданы дамытуды соғдыларға сеніп тапсырды. Қағандар соғдыларды Қытай, Иран, Византия сияқты елдерге елшілер ретінде маңызды мемлекеттік миссияларға жіберді. Соның нәтижесінде Түрік қағанатының халықаралық байланыстары айтарлықтай кеңейіп, мемлекеттің экономикалық және мәдени өмірі жоғары дәрежеде дамыды.

Көріп отырғанымыздай, Қазақ хандығының астанасы болған Созақ қаласының тарихы тым тереңде. Жоғарыдағы мәліметтерді саралай келе, Созақ тарихы кемінде 2000 жылдан асып жығылатынын байқаймыз. Ендігі кезекте, өңір тарихын кешенді түрде зерттеп, археологиялық зерттеулерді арап-парсы, қытай, т.б. тілдерінде жазылған деректермен салыстыра отырып зерттеуді мықтап қолға алуымыз қажет.

-Жомарт Жеңісұлы қазіргі таңда Созақ халқы үшін аса маңызды тақырыптың біріне қатысты ойыңызбен бөлісіп, ұсыныс- пікірлеріңізді білдіргеніңіз үшін алғысымды білдіремін. Бұйырса, бұл сұхбатымыз соңғы сұхбатымыз емес деп ойлаймын. Алдағы уақыттарда да «Созақ атауы» тақырыбына қатысты тың деректермен бөлісетініңізге бек сенімдімін. Ендеше, сол күндері сұхбаттасқанға дейін еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!

**Сұхбаттасқан: Данияр БЕК,
«Созақ үні» газетінің
аға тілшісі.**

Соғыстың соңғы сарбаздарының да соңғы сапарға аттанып кеткеніне де біршама жылдың жүзі боп қалды-ау! Алайда көзден кеткенімен көңілден өшпей, көмескі тартса да бұлыңғыр бейнелер қайта-қайта елес беретіні де рас...

Соғыс және еңбек ардагері, марқұм Байдүйсенов Қалтай қария 1924 жылдың 1 қаңтарында Шолаққорған ауылында дүниеге келген екен.

Ол кездің қысы да қатал еді-ау. Қалтай қария да қыстың қаһаған шілдесінде қыран бүркіттің жұмыртқадан шыққан балапанындай болып, жер бесікке топ ете түскен. Әркім маңдайына жазғанды көреді дейді, Қалтай қария да өзіне тарту етілген тағдыр жазмышын көруге мойын ұсынды. Қанында бар өжеттіктен бе ешкімге есесін жібермей алға ұмтылуға тырысты.



білмейді. Ана кресло, ата-бабасынан қалған мұра сияқты. Әй, кішірейсей, алдыңа адам келіп тұр, тұр орныңнан, жағдайын сұра, деймін ғой жас перілерге. Жоқ, олардың иілуі қиын. Жастарда әдеп, этика төмен. Сосын көшегі соғыста қан кешіп келген Қалтай кімнен қорықсын...

Бірде, бір совхоз басшысына айттым дейді тағы Асекең:

«Алдыңа барса адамша қабылдап көрші Қалекенді, де-

Ұстаздық пен ерліктің үлгісі

Мырзахмет Жылысбаев-Ұлы Отан соғысының ардагері, 1926 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Қозмолдақ елді мекенінде дүниеге келген. 1942 жылы жеті жылдық мектепті бітірген соң, еңбекке араласып, егіншілікпен айналысты. 1944 жылдың қараша айында әскер қатарына шақырылып, Орынбор қаласы жанындағы полигонда әскери дайындықтан өтті. 1945 жылдың қаңтарында генерал-полковник Батов басқарған армия құрамында Беларусь майданы бағытындағы соғыс қимылдарына қатысты. Әкесінен бір жасында жетім қалған ол балалар үйінде тәрбиеленіп, кейін уақыт өте келе анасының еңбекке қабілеттілігі, әкесінің туыстары бары ескеріліп, балалар үйінен туысы Төреханұлы Тұрсын ағасының қамқорлығына беріледі. Мырзахмет Жылысбаев Созақ ауданына қарасты Сызған ауылында 7 жылдық тәмәмдаған ол бірнеше қызметті қатар атқарған. Сұрапыл соғыс жылдары ауылда бірде-бір мұғалім қалмағандықтан ұстазда болып балалардың сауатын ашқан. Ал күндіз егіс егіп еңбек еткен. Алайда 1944 жылы 18 жасында оны әскерге шақырып алып кеткен. Соғыста 5 ай ғана болса да Мырзахмет ата бірнеше соғыстың куәсі болған. Сондықтан жеңістің хабарын естігенде менен бақытты жан болмады дейді ол. Мырзахмет ата қан майдан соғыс біткеннен соңда сұр шекпенің шешкен жоқ. Жастайынан қарілез, білімді Мырзахметті Кеңес әскері алғыс айтып өзге жауынгерлермен бірге Қазақстанға шығарып салмады. Оның көшбасшылық қабілеті барып ұғып, соғыс біткен соң, армияны толықтыру мақсатында МВД-ға алып қалды. Мұнда батальон командирінің аға көмекшісі, кейін штабтың құпия бөлімінде іс жүргізушісі қызметінде болады, соғыстан кейін осында 1950 жылдарға дейін істеп, ақыры елге қайтады.



20 жасында қазақ тарихында небір зұлмат оқиғалар өтті. Мырзахмет атайдың балалық шағы ашарлыққа тұспа-тұс келсе жалындаған жастық шағында соғыс басталды. Сондықтан олардың өткеніне 80 жылдан асса да еш ұмытқаным жоқ сол күндердің естеліктері әлі күнге дейін көз алдымда дейді ақсақал. Атамыздың жасы 100-ге таяса, апамыздың жасы 90 да. Алайда үйдің тірлігінен қол үзбеген олар, тіпті немерелерінің сабағын қадағалайды екен. Ұлы Отан соғысында 1944 жылы 92 автоатқыштар полкі құрамында қатысқан. Гитлерлік Германияны талқандауға қосқан үлесі және жауынгерлік қызметі үшін отанымыздың 8 медалімен наградталған. Соғыстан кейін Мырзахмет Жылысбаев ұстаздық қызметке оралып, ҚазПИ-дің химия-биология факультетінде білім алды. Ол Созақ ауданындағы бірнеше мектепте директор және оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарып, білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосты. 1986 жылы 48 жылдық ұстаздық қызметінен зейнетке шықты. Ақсақал жұбайы Мәрия Саденовамен шаңырақ құрғанына 70 жылдан асқан. Мырзахмет ақсақал мен жұбайы Мәрия Саденова 13 ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп, олардан 48 немере, 70 шөбере, 132 шөпшек көріп отыр. Ол Созақ ауданының құрметті азаматы, Қазақ КСР Оқу ағарту ісінің үздігі, «Ұстаз жолы» қоғамдық бірлестігінің «Ел азаматы» медалінің иегері, сондай-ақ Екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған. Мырзахмет Жылысбаев қазақ әдебиетінен де алыс емес. Поэзияға жаны құштар атамyz өлеңдерде жазатыны бар. Бүгінде Мырзахмет Жылысбаев Созақ ауданындағы соңғы соғыс ардагері ретінде құрметке ие. 2024 жылы Сызған ауылдық округінде Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіш күрделі жөндеуден өтіп, ардагерге облыс әкімінің арнайы құттықтауы мен сый-сияпаты табыс етілді. Иә, бұл өмір. Өмір ағысы толассыз алға жылжи аққанмен, жауынгерлердің ерлігі ұрпақ жадында. Созақ ауданы дамуына зор үлес қосқан ардагеріміз әрине біздің мақтанышымыз десек артық айтпаған болар едік. Бүгінде ауданымызда Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлерімізден көзі тірі қалған, Созақ ауданы бойынша Мырзахмет ақсақал ғана. Мырзахмет Жылысбаевтың өмір жолы мен ерлігі өскелең ұрпаққа үлгі болып табылады.

Эльмира БЕЙСЕКҰЛОВА,
Орталық кітапхананың меңгерушісі.

Қаһарман қария Қалтай

Бала кезгі ата-ана тәрбиесінен болар, ешкімнің ала жібін аттамай, неде болса нанын адалдап жеуге ұмтылған.

Соғыстың алғашқы жылдары Сәбетіңе де оңай болған жоқ. Тұтқиылдан тиген жауға төтеп беру оңай ма, мызғымайтын он бес одақ әбігерге түсіп-ақ қалған. Неге болса да жылдам әрекет ету, жылдам шешім қабылдау дегендей, Сталиннің басшылығымен ел жұдырықтай жұмылдырылды. Өзіне тиген енші болар, сараптай келе Қалтай Байдүйсеновті барлаушылар ротасына жіберді. Әскердегі, яғни соғыс жағдайына байланысты жеделдетілген курстан өткен Қалтай өзінің әбжілдігі, оң шешім қабылдай алатындығы мен көзге түсіп, барлаушылар қатарына таңдап алынды. Айта кету керек, қанында бар өжеттік те әсер еткен болар.

Анау-мынау деген бір-екі адамға өзі де бой бере қоймайтын. Мұның бәрі соғыс жағдайындағы сарбазға аса қажет еді.

Соғыс өрті, майдан даласы біртіндеп қанатын кеңге жайып, соғыс әні-міні аяқталады дегенмен үміт оты ақталмай, өрші түсті. Байдүйсенов Қалтай қариямыздың соғыста қан кешкен ортасы Украина бағытындағы Жуковтың армиясы болатын. Тағдыр деген де қызық қой, Байдүйсенов Қалтайды соғыста жерлесі, Аққолтық ауылының тумасы Смағұл Есенсариевке жолықтырды. Екеуі соғыстың соңғы оғы атылып біткенше бірге болды десе де болады. Смағұл Есенсариев Ұлы Отан соғысында снайпер болды, әскери шені капитан еді. Басқа сарбаздарымен бірге екеуі аттанған сапардан «олжасыз» оралмады. Жанында «сен тұр, мен атайын» дейтіндей Қалтай сынды мығым, жаужүрек жігіттері бар. Смағұлдың өзі «құралайды көзге атқандай», қылп еткенді қағып түсіреді. Кейіпкеріміз Қалтай Байдүйсенов соғыстың сан түрлі марапатын көріп, кеудеге талай медаль тақты.

Германия тізе бүкті деп, әлем алдында мойындалып жатқанда төменнен Жапон деген жау шықты. Әні-міні, елге аттанамыз, Қазақстанға ораламыз деп «тақияны аспанға атып» сарбаздар тойлап жатқан. Сәбеттің үгіті де сұмдық еді-ау! Еріктілер қатарында біздің жерлестеріміз Байдүйсенов Қалтай мен Смағұл Есенсариев: «Соғысты бітіріп, жапондарды талқандап бірақ қайтамыз!» деп патриоттық сезіммен қала берді.

«Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген рас-ау? 1946 жылдың күзіне қарай жаулапата жапонды жеңген біздің екі жерлесіміз- Байдүйсенов Қалтай мен Есенсариев Смағұл аман-сау елге оралып, Созағымен қауышты. Бір емес екі соғысты көрген Созақтың жаужүрек ұлдары елдегі еңбекке бет бұрған. Отты да, оқты да көріп келген Қалтай Байдүйсеновте келген бойда еңбекке араласты. Анасы Әйкейдің қолына Абылқызы Ырысжанды келін етіп түсірді. Ырысжан анамыздан 3 ұл, 4 қыз көрген Қалтай ағамыздың отбасында да, жұмысында да тасы өрге домалай түсті. Соғыста барлаушы болып, ерен ерлігімен көзге түскен Қалтай өз тілімен айтқанда, өкімет қайда жұмсаса содан табылып жүрді.

Жұмысшы деген сан-салалы мамандық қой, еңбегінің негізгі дені осындай қызметтер еді. Автомагазин де айдады, газда да істеді. Калинин атындағы кеңшарда адал еңбегімен көзге түсіп, партия қатарына мүше болып, коммунист Қалтай атанды. Сол кездегі Калинин атындағы кеңшардың сан-салалы тіршілігінде жүріп, отымен кіріп, күлімен шыққан Қалтай Байдүйсенов өз еңбегімен таза жұмысшының бейнесін сомдай алды десек артық айтқандық емес. Талай басшылардың: Қалекен, мен артықтау кеткен екем, деп көшірім сұрағандары да бар. Қалекен көрініп тұрған кемшілікті, сол кездегі жемқорлыққа шыдамай жоғарыға шағым да жөнелтетін. Кейбір биліктегі әпербақан шенеуніктермен айтқаса кететін. Екі соғыстан аман келгенде «жаныңды осылар алар дейсің бе?!»- деп қасарыса түсер еді. Бірде марқұм, соғыс, еңбек ардагері Асанхан Аманжолов көкемізбен әңгімелесіп отырып сұрағаным бар. Асекең Келес жағында хатшы да болған, ірі-ірі қызметтер істеген кісі еді. (Кейінге осы кісіге көшенің есімін беру үшін көп жерлерге Бексейтов Оспан көкеміз екеуіміз қайта-қайта жазумен зорға бір көшені алдық-ау).

-Шырағым, Тұраш, кемшілік екі жақтан болады, әркім өзінікін жөн көретін шығар Қалтай арыз жазды деп көп шаруашылық басшысының зәре құты қалмайды. Таза болсаң неге қорқасың? Жүре бер шіреніп. Бірақ олай емес қой. Шындығын айтқан, өз құқығын пайдаланған адам қазаққа жақпайды. Соның бірі өзіміз ғой. Сосын біздің басшылардағы бір кемшілік алдына келгенді адам деп қабылдауды

генмін. Кейін сол басшылықта отырған азамат айтыпты.

-Қалекен мен ойлап жүргендей емес екен. Төрден тұрып қолын ап, жайғасқан соң бұйымтайын сұрадым.

-Көктемнің көкөзек шағы. Үйде 10-15 жантаық бар еді. Соған шөп-жеміңнен қарайласа аласың ба, шырағым деді. Ойлап отырып, кім болса сол ұрлап жеп жатқаны да рас. Билік қолда болған соң өзіміз де ішіп жейміз. Қарияның меселін қайырмайын деп:

-Қалекен, Сіз өтінішіңізді қалдырып кете беріңіз. 3 күнде үйіңізге біздің жігіттер жеткізіп береді дедім.

Уәдемді орындадым да. Сонда Қалекен кетіп бара жатып:

-Төбеге шыққанда төменнен келгенінді ұмытпа деген сөз бар. Соны есіңе сақтасаң бопты, шырағым!-деп алғысын айтып кетті. Содан бері біздің түзу сәлеміміз қисайған емес.

Соғыс және еңбек ардагері Қалтай Байдүйсеновтің еңбегін ескерген болар, кейінше Орталық комитеттің шешімімен ол кісіге жүк көлігі берілді. Шаруашылық басшысы (Калинин кеңшарының) 49 жылға алма бауды жалға берді деген жаңалықтарды естіп жаттық. Айтпақшы, соғыстағы майдандас, үзеңгілес жолдасы Смағұл Есенсариевтың ұрпақтары да жалғасын табуда. Бір ұлы Ғалым Есенсариев журналист, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері

Қазіргі заманда түк жоқ деп ауызды қу шөппен сүрте беруге болмас. Тәуелсіздік алғалы бері де Соғыс ардагерлеріне көп құрмет көрсетілді. Машинадан бастап, ақшалай миллиондар, үй де берілді. Мұның бәрі де ардагерлерге деген қазақ елінің құрметі деуге болады. Біздің кейіпкеріміз де, қаһарманымыз да болып отырған Қалтай Байдүйсенов бұл құрметтерге жете алмай, 2008 жылы өмірден озды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз шешімін биылғы жылды Жұмысшылар жылы деп жариялады. Оның үстіне алдымызда Жеңістің 80 жылдығы таяу. Осыларды ескере келе соғыс және еңбек ардагері Қалтай Байдүйсеновке аудан орталығынан бір көше бұйырса оң жамбасқа келіп тұр ғой деп ойлаймын.

Тұрысбек ШЫЛМАМБЕТОВ,
Ақын, педагог-жазушы.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР АРАСЫНДА БИЛЬЯРДТАН ОБЛЫСТЫҚ ЖАРЫС ӨТТІ



Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік орталығының ұйымдастыруымен зейнеткерлер арасында бильярдтан облыстық жарыс өтті. Аудан орталығындағы «Белсенді ұзақ өмір және Тең

қоғам» әлеуметтік орталығында өткен спорттық сайысқа 70 жасқа дейінгі және 70 жастан асқан қариялар екі топқа бөлініп өзара бақ сынасты.

Облыстық турнирді аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ашып, қарияларға ізгі тілегін арнады. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов қатысушы ардагерлерге сәттілік тіледі.

Жарыстың мақсаты аудан, қала зейнеткерлері арасындағы спорттық ара қатынас пен достықты нығайту. Аталған жарысқа Түркістан, Кентау қалалары мен Қазығұрт, Сауран, Созақ аудандарының зейнеткерлері қатысты.

Аталған спорт сайысында ардагерлер турнир басталған сәттен дәлдік пен ептіліктерін көрсетіп, жақсы ойын өрнегімен жарыс көрігін қыздыра түсті.

Жарыс қорытындысы бойынша 70 жасқа дейінгі зейнеткерлер арасында I орынды Алишев Нұрашбек (Қазығұрт ауданы) жеңіп алса, II орынды Дүйсенбек Ниязәлі (Созақ ауданы) қанжығасына байлады. III орынды Қарынтай Мірәлі (Қазығұрт ауданы) өзіне місе тұтып, «Үздік ойыншы» номинациясымен Қойшыбеков Кенбай (Кентау қаласы) марапатталды.



Ал, 70 жастан асқан қариялар арасында I орынды Нажимов Шубай (Созақ ауданы) жеңіп алса, II орынды Еденбаев Беркінбай (Созақ ауданы) қанжығасына байлады. III орынды Бекмырза Оңғарбай (Қазығұрт ауданы) жеңіп алса, «Үздік ойыншы» номинациясымен Ділдәбекұлы Нұралы (Созақ ауданы) марапатталды.

Жеңімпаздар арнайы диплом және сыйлықтармен марапатталады.

Жеңімпаздар арнайы диплом және сыйлықтармен марапатталады.

АРСЛАН ТҰРСЫНБАЙ,
әлеуметтік маман.

Есейді ел-жұрты еске алды

Аудан орталығы Шолаққорған ауылында 1961 жылы туылған, Әлия Молдағұлова атындағы орта мектепті бітірген түлектер мен Есей ағамызбен қоян қолтық араласып жүрген аға-іні, дос жарандарының ынтымақты ұйымдастыруымен өздерінің кластастары, әзіл сөздің шебері, ауданымызға белгілі асабалық өнерімен танылған марқұм Жарымбетов Есей Насырұлын еске алуға арналған спорттық бильярд турнирінен турнир өткізді. Турнирге аудан орталығындағы ардагер бильярдшы ағаларымыз қатысып тама ойын өрнегін көрсетті. Аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелері, ардагер спортшылар Нажимов Шубай, Талымов Жолдасбек, Сармантаев Жетілген сияқты спорт ардагерлерінің қатысуымен өткен ойын өте тартысты болды. Арасында Есей ағамыздың айтқан, елдің есінде қалған қағытпа қалжың сөздері де айтылып жатыр. Қашан көрсең жүрген жері той думан, береке, ән мен жырға толы ақ көңіл азаматтың рухы алдында бас иіп, әруағына құран бағышталып ас берілді. Есей Жарымбетов 1961 жылы 23 февральда Шолаққорған ауылында дүниеге келді. 1967-68 жаңа оқу жылында Ә.Молдағұлова атындағы орта мектепке қабылданып, сол мектепті 1977-78 оқу жылында үздік бітіріп шығады. Осы жылдары Есей Жарымбетов досқа адал, көпшіл екендігін көрсетіп сыныбында староста, ал мектепшілік қоғамдық жұмыстарға белсене араласып мектеп бастауыш комсомол ұйымының жетекшісі болып жұмыс атқарады. Ол ұқыптылығымен және спортқа жаны құмар жан ретінде аудандық жарыстарға қатысып топ бастап мектебінің волейбол, баскетбол, футбол командаларын басқарып, үнемі жүлделі орындармен мамапатталады. Аудандық спорт мектебіне күреске қатысып өз салмағында бірнеше рет аудан, облыс көлемінде жеңіс кубогын жеңіп, чемпион атанып, мектебінің мақтанышы болды.

Жүгіруден алдына жан салмайды. Ибрагимов Яша ағайынның жаттықтыруымен үнемі жеңіс биігінен көрініп өз қатарластарын шаң қаптырып жүлдемен оралып мектебінің мақтанышы болады. 1978-1980 жыл-

дары Отан алдындағы борышын өтеу үшін әскер қатарына шақырылып Венгрияда екі жыл қызмет атқарады. Ол жерде де өзінің елге-зек, жауапгершілігі жоғары екендігін көрсетіп жүреді. Отан алдындағы адал еңбегі бағаланып әскерден ефрейтор шенімен, абыроймен оралады. 1980-1989 жылдары «Аппақ Волков» геологиялық экспедициясында операторлық жұмыс атқарады. Ол жерде де спортпен айналысып, жүгіруден «Ең үздік ойыншы» атанады. Үнемі баскетболдан, волейболдан командалық жарыстардың ка-

желтоқсанында Созақ аудандық әскери комиссариатынан аттанған. Украинада құрылған 37-ші армияның 122-ші дивизиясына қарасты 519-шы полкінде неміс фашистеріне қарсы соғысқа қатысқан. Бірнеше наградалардың иегері. «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50-60 жылдығы», «Г.В.Жуков», «Еңбек ардагері» медалдарымен марапатталған. Халқымыздың Ұлы Отан соғысындағы тарихи Жеңісінен соң бейбіт еңбекке белсене атсалысты. Украинаның Донбас қаласындағы «1 Май» көмір шахтасында жұмыс істейді.

ри округінің №31432 бөлімінде қатардағы жаяу әскер ретінде бастаған. Ұлы Отан соғысы жылдары Сталинград майданында және Қиыр Шығыста ғұрыстарға қатысқан. Гитлершіл Германияны тізе бүктіргеннен кейін Бәйкен Жарымбетов 1950 жылы туған елге оралып Кентау қаласындағы кеніштерде жұмыс істеген. 1956-1986 жылдары «Сызған» кеңшарында автомобиль жүргізушісі болған. Бәйкенде ағасы Насыр сияқты елге аман есен оралып, «Жауынгерлік қызметі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы», «Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» және тағы басқа да медальдармен марапатталған.

От ауызды, орақ тілді Насыр ақын 1969 жылы облыстық Құлыншақ Кемелұлы атындағы ақын-дар айтысында екінші орын, 1987 жылы Павлодар қаласында өткен Республикалық ақындар айтысында жүлдегер атанады.

Міне, осындай текті аталарымыздың ұрпағы Есей ағамыз елге қадірі артқан азаматтардың бірегейі еді. Ол кісінің артында Бегай атты аяулы жары, алтын асықтай ұлдары мен қызы қалды. Үлкен ұлы Таңат халыққа қызмет көрсету орталығында абыройлы қызметкерлердің бірі. Әр түрлі жұмыстарымен ауданымыздың түкпір-түкпірінен келетін адамдар Таңаттың көрсеткен қызметіне дән разы. Өйткені ол өнегелі, үлгілі отбасында өскен азамат болғандықтан келушілердің риза болып, ақ батасын беріп аттаны үшін бар мүмкіндікпен алдал қызмет көрсететін азамат. Екінші ұлы Болат халықты жұмыспен қамту орталығында бас маман-заңгер қызметін атқарады. Мен танитын екі ұлы да нағыз әкесіне тартқан, көпшіл, ақ көңіл, қолынан келсе кез-келген кісіге көмектесуге даяр тұратын жандар.

Мерекелік шарада 22 спортшы қатысып, жүзден жүйрік шыққан спортшылар қатарында бірінші орынды Аханов Қондыбай, екінші орынды Нажимов Шубай, үшінші орынды Тыныбеков Орынбасар иеленіп, ұйымдастыру алқасының марапаттарына ие болды.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.



питан командасы болып айтулы да-таламда ойын кубогын жеңіп алып, мекеменің марапатын алып, ақшалай сыйлықтарын алады. Өмір сүрген жылдарында ағайынның арасында бауырмалдығымен жұртты баурап алатын.

Есей ағаның тегін қазбаласаң, быыл Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 80 жыл. Кешегі айтыс ақыны Жарымбетов Насыр ағамыз, оның бауыры Жарымбетов Байкен ағамыз. Екеуі де бір үйден майданға аттанып, елге аман есен келген майдангерлер болатын. Насыр ақынның біз білетін өмір дерегіне көз салсақ. Насыр ағамыз еңбек және соғыс ардагері, айтыскер ақын. Ұлы Отан соғысына 1941 жылдың

1947 жылы туған ауылы Созақ ауданына келіп ұжымшарда еңбек етіп, МТС-та тракторист болды. Зейнеткерлікке шыққанға дейін 30 жылдан астам Калинин атындағы совхозда токарь болып істейді. Жан жары Дүйсебайқызы Ораш ағамыз екеуі дүниеге 2 қыз, 3 ұл әкеліп, тәрбиелеген. Сонымен қатар халқымыздың дәстүрі бойынша Созақ ауданына сол кездегі түскен келіндердің бетін ашады. Арқалы ақын елге айна, халыққа қалқан бола білген азамат еді.

Ұлы Отан соғысына қатысқан Насырдың бауыры БәйкенЖыныс елді мекенінде туған. 1944 жылы ақпан айында әскер қатарына шақырылған. Әскери қызметті Приморск әске-

НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

	2025 жылғы қыңтар	2025 жылғы қыңтарға қарасты % бөк
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер¹⁾		
Халық саны, адам (2025 жылғы 1 қыңтарға)	62 951	99,6
Туылғандар, адам	1 438	93,9
Өлгендер, адам	311	92,3
Иммигранттар саны, мың адам (көкпендер)	2 279	142,7
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	3 651	137,3
Еңбек рыногы және еңбеккері төлеу		
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам	19 471	103,7
2024 жылдың IV тоқсаны		
Бір қызметкердің орташа айлық атуалы жалақысы, теңге	588 164	120,6
2024 жылдың IV тоқсаны		
Ұлттық экономика		
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	18 790,1	205,9
Сауда		
Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	179 274	100,7
Көтерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге	85 681	101,3
Экономиканың нақты секторы		
Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі, мың теңге	53 187 179	109,8
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге (мамыр)	1 242,3	115,7
Құрылыс-іскірістерінің көлемі, млн. теңге	606	274,2
Іске қосылған тұрғын үйлер, м ²	1 512	107,2
Қаржы жүйесі²⁾		
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	526 699,5	183,4
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	285 517,2	92,2
Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге	267 531,3	154,9

¹⁾ 2024 жылғы қыңтар-желтоқсандағы деректер²⁾ 2024 жылғы III-тоқсандағы деректер ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша

Аудандық статистика басқармасы.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы дегеніміз не?

Бұл шөлді аймақтарда жиі кездесетін вирус тудыратын өте қауіпті жұқпалы ауру. Бұл ауру ерте заманнан белгілі, онымен тек адамдар ғана ауырады. Кейбір жағдайларда ауру ауыр және науқастың органдарынан қан кету нәтижесінде өлімге әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл қауіпті дерт елімізде «қара өлім» деген атпен кеңінен тараған. Аурудың жасырын кезеңі бірнеше күннен 14 күнге дейін, орта есеппен 5-7 күнге созылады. Көп жағдайда ауру жедел басталады, дене қызуының көтерілуімен (39-40С), қалтырау, бас ауруы, шаршау, бұлшық еттердің ауыруы, денеде, қызыл иекте, мұрында, асқазанда бөртпелер пайда болады-қан кету сияқты белгілермен көрінеді. ішектер. Кейбір органдар, соның ішінде бүйрек зақымдалады, соның салдарынан арқа ауырады, науқастың жағдайы нашарлайды, түнде ұйықтамайды. Ауру басылған кезде науқастың қызуы көтеріледі, бірақ қан кету және бүйректің зақымдануы байқалмайды. Кейбір жағдайларда ауру симптомсыз өтуі мүмкін, яғни денеде бөртпе жоқ, органдардан қан кетпейді.Қашан және қандай жолдармен беріледі?Ауру сәуір, мамыр, маусым айларында жиі кездеседі. Оның маусымдылығы кенелердің белсенділігіне тікелей байланысты және аурудың 80 пайыздан астамы 20-60 жас аралығындағы ер адамдарда кездеседі. Біздің республикада ірі және ұсақ жануарларда кездесетін кенелер ауру вирусының тасымалдаушысы және тасымалдаушысы болып табылады. Адамдар кене шағуынан және қолдың кене қанымен ластануынан жұғады. Дені сау адам осы аурумен ауыратын науқастың қанымен, сондай-ақ медициналық процедуралар (инъекциялар, инфузиялар, операциялар, қан алу және т.б.) арқылы жұғады.

Аурудың алдын алу үшін төмендегі ұсыныстарды орындаңыз:сәуір-шілде айларында мүмкіндігінше шөлді аймақтарға (табиғат құшағына) бармау;шөлді аймақтар мен базарлардан ұсақ және ірі мүйізді малдарды кенеге қарсы емсіз үйге әкелмеу; ірі қара малда кене табылса, дереу ветеринарға хабарласып, олардың ұсынысы бойынша кенеге қарсы ем қолдану;кенелерді қолмен ұсақтамаңыз және қайшымен кеспеніз;малды және олар тұратын орындарды толық және сапалы дезинфекциялау;қырқу маусымына жас балалар мен жасөспірімдерді тартпау; кесу кезінде тек арнайы киімдерді (қолғаптар, жеңі мен аяғы тығыз жабылған шалбар, жилет, резеңке етік) пайдаланыңыз;кесу кезінде жеке гигиена ережелерін мұқият сақтау қажет.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ басқармасының басшысы.

Тылсым табиғатты өрттен сақтайық

Көктем келіп, орман-тоғайларда өрт маусымы басталды. Біз қай кезде де өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға қарыздармыз. Өйткені таза ауа, мөлдір су, жасыл әлем баршасы адамзат баласына күш-қуат, салауатты денсаулық береді. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп -өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

Алтынбек Дүйсебеков,
Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы аң шаруашылығы маманы.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының негізгі міндеттері мемлекеттік қызметшілердің мәртебесін, негізгі құқықтары мен міндеттерін, құқықтық және әлеуметтік көпілдіктерін реттеу және заңнаманың сақталуына мемлекеттік бақылауды жү-

қықтарын қорғау және оларды қалпына келтіру бойынша жұмыстар атқару болып табылады.

Бұл ретте, Департамент тарапынан облыстағы мемлекеттік органдарға мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау бағыты бойынша бірқатар талдау жұмыс-

өсімпұл өндіріліп берілді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан мұндай бұзушылықтарды болдырмау, олардың алдын алу, азаматтар мен мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдде-

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛУДА

зеге асыру болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілердің еңбегінің қорғалуына, денсаулығының сақталуына, қауіпсіз және тиімді жұмыс істеу үшін қажетті еңбек жағдайларына, сондай-ақ әлеуметтік және құқықтық қорғалуға құқығы бар.

Осыған сәйкес, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті қызметінің негізгі бағыттарының бірі азаматтар мен мемлекеттік қызметшілердің құ-

тар жүргізіліп, талдау қорытындыларының нәтижесінде бірқатар шаралар қабылданды.

Нәтижесінде, өңіріміздегі мемлекеттік қызметшілердің іссапарға шығуы кезінде құқықтарының сақталуын зерделеу нәтижесімен 3,5 миллион теңгеге жуық іссапар шығындары төленіп, 24 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қорғалды.

Сондай-ақ, іссапар шығыстарын кешіктіріп төлеу фактілері бойынша 125 мемлекеттік қызметшіге

лерін қорғауға бағытталған профилактикалық жұмыстар алдағы уақытта да кеңінен жүргізілетін болады.

Абылайхан
НАУРЫЗБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

Қоғам дертінен арылу-болашағымыз үшін маңызды

Сыбайлас жемқорлық–тәуелсіз Қазақстанның, бүгінгі қоғамның өзекті де күрделі мәселелерінің бірі. Тек Қазақстан емес, бұл індет әлемнің қай-қайсы елінде болса, сол елдің қасірет шегері хақ.

Қазақстан Республикасының Президенті өз жолдауында «Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қажетсіз қағазбастылық пен құжат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс. Халық алдында есептілігін арттырып, нәтижеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керек»-деп сыбайлас жемқорлықпен күрестің мән-маңызына тоқталып өткен болатын.

Негізі «сыбайлас жемқорлық», «пара» деген ұғымдардың астарын ашып, мән-мағынасына үңілер болсақ, бұл ұғымдар сонау сан ғасыр, сан мың жылдар бұрын пайда болғанын тарих дәлелдейді. Бұл жөнінде біз мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген ғлама ғалымдарымыздың еңбектерінен кездестіре аламыз.

Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Ел Президентінің қай Жолдауын аласақ та осы мәселе күн тәртібінен түскен емес. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың

жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылықта немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Жалпы, біздің елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар жүзеге асырылып келеді. Сыбайлас жемқорлықтың көріністерін жою

мақсатында заңнамалық актілер қабылданды. Рұқсаттар мен мемлекеттік қызметтердің алынуын жеңілдету үшін электронды үкімет пен электронды сандық қолтаңба, «біртерезе» қағидаты енгізілді.

Бүгінде барлық мемлекеттік органдарда сенім телефондары үздіксіз жұмыс жасап тұр. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар, дәрістер, семинарлар өткізілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ұрпақпен жұмыс істеу қажет. Адамды бала кезінен қазақстандық патриотизм мен сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу керек.

Айдос ҚАСЫМОВ,
Аудандық кірістер басқармасы салықтық әкімшілендіру және өндіріп алу бөлімінің басшысы.

ӘУЛИЕЛІ АТАЖҰРТ, КИЕЛІ ҚҰТ МЕКЕН...

(Жалғасы.
Басы өткен сандарда).ШАЛДАНБАЙ
ӘУЛИЕ

Басына қойылған белгісімен қабірі Қаратаудың Алтынтау өзенінің кіре беріс қойнауының батыс бөлігінде төбеге орналасқан. Аймақтық бөлініс жағынан қарақұр ауыл әкімшілігіне қарайды. Шыққан тегі Орта жүз қоңыраттың қоңыршұнағы екен. Оның ішінде Әлдекей атасынан екен, Әлдекей атаның бесінші ұрпағы. Ел ақсақалдарының әңгімесіне қарағанда, «Шалданбай әулиенің әкесі Сарт та тегін кісі болмаған көрінеді. Баласына әулиелік әкесінен дарыпты» деседі. Ол кісінің қорымы Қарабураның қасында.

Шалданбай әулие туралы айтушылар 1830 жылы дүниеге келіп, 1890 жылы қайтыс болған деп жорамалдайды. Ол кісі ғұмырында иығынан қара кепені түспеген диқан, бағбан, әрі аңшы болыпты. Діндарлығы болмаса да аузынан «Алласы» түспеген барынша қарапайым, кішіпейіл екен. Шалданбай ата алып денелі кісі болыпты. Қыста ауылын аңмен асырапты. Небір үлкен арқарларды иығына салып келіп, үй алдына тастай салатын көрінеді. Ауылдастары бөліп бөліп әкете береді екен. «Оу, ағайын, бізге де көже қатық берсеңдерші» деп, кейіннен үй аралап қайта сұрап жүретіні елге аңыз болған. Ел ішінде әсіресе, ол кісінің қайырымдылығы көп айтылады. Көптің қамын өз жеке мүддесіне жоғары қойған. Бәрін сауап үшін істеген. О дүниенің де, бұ дүниенің де қамын жеген. Алтынтау өзенінің жағасын қара орманға аналдырған. Алма, өрік, жиде, тұт, алмұрт секілді жеміс ағаштарын отырғызған. Бірақ оны пайдаланушылар ол кісіден рұқсатсыз ала алмайтын көрінеді. Бұл туралы «Қарақұр» ауылының тұрғыны Төребек Тұрғанбекұлы: «1959 жылы Тәжікстаннан көшіп келгенде атамның жемістері самсып тұр екен. Үлкендер «Сұрап алмасаң, ол кісі ренжиді, майып болуың мүмкін» деп қорқатын. Атаның басына барып, «Ата алма беріңізші» деймін де қалағанымша аламын. Бір күні сұрамай қол салдым. Сол-ақ екен тайдың үстінен қалай құлағанымды білмей қалдым. Мұндай оқиға екінші бірінде қайталанып жатады екен. Кейде дыбыс шығып айқай естіледі. Өкінішке орай жеміс ағаштарын 70-80 жылдарда алтын іздеген кен-барлау экспедициясы құртып жіберді» деп айтқан еді. Бір таңқаларлық нәрсе: топырақ сыртынан алып трактор Шалданбай әулиенің сағанасының маңына жете алмапты. Бірде шынжыр табаны үзіледі, енді бірде моторы бұзылады. Ол кісі тірі кезінде-ақ өзіне сағана салған. Дуалының ені 1 метр, кірпіші 20 х40см. Тағы да өзгелерге арнап сауап сағанасын салған. Оның 24 ақыры бар екен. Елдің көп кісілері сол сағанаға қойылыпты. Шалданбай әулиенің сағанасы орналасқан Алтынтауға кіре берістегі күнбатыс жақтағы сай кезінде қас қарая жап-жарық болып тұрады екен. Ауыл адамдар: «Атаның шамы жанды»



деп әңгімелесіп, дұға жасап отыратын болыпты,-дейді.

Басына салынған сол алғашқы сағанасы бүгінде бұзылған. Бұзылған сағана қабырғасының қалыңдығы 85-90 см, астыңғы бөлігі төртбұрышты, үсті күмбезденген. Есігі солтүстікке қараған. Кейіннен 1998 жылы Әлдекей ата Қоңыр сопы ұрпақтары бас қосып, бұзылған сағананың сыртынан жаңа сағана салады. Жаңа сағана ескі сағана сыртынан салынған. Сегіз бұрышты шеңбер үлгісінде күйген қышпен өріп шыққан. Ескі үлгінің есігінің алдынан 4 х3 метрлік қосымша кіреберіс дәліз бөлмені қосымша соққан, төбесі тегіс, сегіз бұрышты бөлмеге жапсарласа соққан. Әулиенің денесі айшықтанып өрілген, екі қабырғаның түйіскен жеріне төртбұрышты 50-60 см мұнарамен көтерген. Жалпы құрылыс ұмысы күйген қышпен өріліп, сырты сыланып, әктелген. Қазіргі сағананың есігі ескі сағана есігінің бағыты бойынша солтүстікке қарай бағытталған. Сегіз бұрышты қабырғаның әрбірінің ұзындығы-2,5 метр, екі қабырғаның түйіскен жеріндегі төртбұрышты мұнара саны алтау. Алдыңғы дәліз бөлменің биіктігі 4,5 метр.

Сағананың солтүстік-батысында ескі қорым бар, қорымның етегінде бұлақ бар, бұлақ айналасын талмен шеңгел басқан. Шалданбай ата тірі кезінде-ақ әулие атанған. Шалданбай ата әулие әуелі дәулет дауытушы диқан атасы, тәртіпке шақырушы рух. Әділеттілігімен, еңбекқорлығымен, қайсар қаталдығымен ел есінде қалған әулие. Бойында, рухында қасиеттері өте көп. Баба Түкті Шашты Әзіз секілді перзент сұрағандарға шапағаты тиеді. Ел аузындағы әңгімеге қарағанда, талма кесел, жың мен пері соққан адамдарды алып келіп, түнетеді екен. Ол кісінің басында үлкен қара талы болыпты, кездейсоқ бұтағы сынса, сол жерден тамшылап қан тамып тұрады екен. Ел жиылып құдайы жасап, талдың сынған жеріне киіз күйдіріп басып, әлгі қан сап тыйылады екен. Жоғарыда аталған ауруларды осы талға байлап тастайды екен. Әуелі аурудың жібін шешіп, қолына беріп: «Шырағым бара ғой!» деп кәдімгідей тілдесетін көрінеді, ауырған адам жазылып кетеді екен.

АҚБИКЕШ МҰНАРАСЫ

Мен көрдім Ақбикештің мұнарасын,
Сомдап соққан дегендей құлама-сын.
Арада төрт - бес ғасыр өткен шығар,
Мен емес тарих айтсын бұл арасын...

**Құлжабай Төлеуов,
халық ақыны.**

Ақбикеш мұнарасы-Қаратаудың батыс сілемдеріндегі Ақсүмбе кентінен оңтүстікке қарай орналасқан биік жота басындағы тарихи ескерткіш.

Ақсүмбе мұнарасы жергілікті маңызы бар сәулет және қала құрылысы ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген.

Мұнара «Ақсүмбе» деген атпен тарихшы Шараф әд-дин әл – Жүздің «Зуфар – наместінде» («Жеңіс кітабы») Әмір Темірдің 1389 – 90 жылдардағы Тоқтамысқа қарсы жорықтарын сипаттағанда Дешті Қыпшақ даласын бақылап отыру үшін Қаратау шыңына салынған қарауыл мұнарасы ретінде айтылады. Мұнара Ақсүмбе ауылының оңтүстік-батысындағы Қаратау қойнауынан бастау алған Ақсүмбе өзені аңғарының таудан шығаберісіндегі 200 метрдей биік жотаның үстіне тұрғызылған. Мұнараның іргетасы текше тастармен қаланып, жоғары жағы толығымен қам кесекпен өріліп шыққан. Мұнараның солтүстік – шығысында төбесіне шығатын есігі бар. Есіктен кірген адам төбесіне бұрғы басқышпен айналып шығады. Бірінші айналмадан өтіп 3,5-4 метрдей биіктеген соң, бір адам еркін тұратын және айналаға ешқандай кедергісіз қарай алатын солтүстікке қараған терезе кездеседі. Терезеден Шу өзені бағытындағы мидай жазық даладағы тіршілік алаңындағыдай анық көрінеді. Терезе жанындағы бұрғы басқышпен жоғары өрлеп, екінші айналымға көтерілгенде 6-6,5 метрдей биіктікте оңтүстікке қараған екінші терезе кездеседі. Бұл арадан оңтүстік беткейдегі тау аңғары мен оның қойнауы анық көрінеді. Осы арадан бастап жоғары көтерілетін бұрғы басқыш бұзылып, жоғары көтерілуге мүмкін болмай қалған. Екінші терезе мен мұнараның төбесіне дейінгі арақашықтық шамамен 5,5-6 метрдей. Қар мен жаңбыр суынан, биік шоқы басындағы таудан соққан самал

салдарынан мұнараның оңтүстік-батысының тең жартысына жуығы мүжіліп құлаған. Мұнара арасын ірі қиыршық тастармен толтырып жасаған іргеліктің үстіне шикі кірпіштен тұрғызылған. Жота басында ақ кепіш топырақтан құйылған қам кірпіштен тұрғызылған мұнараны жергілікті халық «сүтке илеген, арасына ту биенің құйрығын турап салған» дейді. Пішімі жұмыр. XII ғасырда салынған деген дерек бар. Қазіргі тұрғындағы мұнара биіктігі 12 метрдей. Жалпы іргетасының диаметрі 14 метр болса, бүгінде қалғаны-9 метр. Мұнара басында тып-тынық күннің өзінде жел қатты есіп тұрады. Мұнара орналасқан төбенің етегінде ескі бекініс жайдың орындары сақталған. Ол жай созылып барып, қазіргі Ақсүмбе елді мекеніне жалғасады.

Негізінде Ақсүмбе-Ақбикеш бір заманда әлемге әйгілі қала болған. 1254 жылы Кіші Арменияның патшасы Гетум 1(1227-1269) моңғол қағаны Мөңкеге бара жатып Ұлы Жібек жолы бойындағы Созақ даласын басып өтеді. Гетум-1 осы сапарын егжей-тегжейлі хатқа түсіріп кеткен. Осы шежіре-дерек бойынша Ақсүмбе ол заманда Хендахор Созақ болса, Хұзақ қаласы атанғанын зерттеушілер анықтаған.

Белгілі археолог Карл Байпақов «Қазақстанның ежелгі қалалары» деген кітабында Ақсүмбеге 1390 жылдары Алтын орданың ханы Тоқтамысқа қарсы жорық жасаған кезінде Ақсақ Темірдің әскері тоқтағанын жазады. Осы жерден олар өзіне қарсы жау әскерін бақыласа керек. Мұнараны бертінде В.Тизенгаузер, В.Бартольд, В.Воронина, Ә.Марғұлан, К.Байпақов сынды ғалымдар зерттеп, өз еңбектерін жазған.

Бүгіндері әбден шөгіп, мүжіліп бара жатқан мұнара ықылым заманның көзіндей болып, қазақ даласын қас қақпай күзетіп тұрған секілденеді. Алыстан қарағанда ата жұртты күзетіп, от басында шошайып қалған ақ жаулықты анаға да ұқсатуға болады. Қазіргі таңда ақсүмбеліктер Ақбикеш мұнарасына махаббаттың символы ретінде қарайды.

Орта ғасырдан бүгінге дейін жеткен ерекше мұнараның Қазақстан сәулет қорында алатын орны ерекше.

Ақбикеш мұнарасы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 9 маусымдағы № 233 қаулысымен XIII-XIV ғасырдағы қала құрылысы және сәулет ескерткіші ретінде мемлекеттік тізімге енгізілген.

Тарихи мұраны сақтап қалу мақсатында аудан әкімдігінің бастама көтеруімен және жергілікті тұрғындардың қолдауымен реставрациялық жөндеу жұмыстарына дейін арнайы төзімділігі берік материалмен уақытша қаптау жұмыстары ұйымдастырылып, «Ақбикеш мұнарасы» қоғамдық қоры ашылды. Аңыздар не дейді? :

Осы күнге дейін жеткен әртүрлі аңыздарда мұнараны Ақбикеш арудың есімімен байланыстырады. Бірінде Ақбикеш ертеде есімі ел құлағына шалынған ерке қыз болған екен.

**Басылым беттерінен
алып жинақтаған:
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.
(Жалғасы бар).**

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС**Меншік иесі-****"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі****Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович****Бас редактордың уақытша
міндетін атқарушы:
Мақсат Қарғабай****Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай****Редакция құрамы:****Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біріккен ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығымен, ақпарат агенттігі және желілік басшылығы есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

**Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450****Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

**тапсырыс №
таралымы -
3200 дана****Кезекші редактор:**

М.Қарғабай.